

**«Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің
2011 жылғы қызметінің қорытындылары және 2012 жылға
арналған міндеттері» деген тақырыпта 2012 жылғы 19 наурызда
өткен Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің төрағасы С.К. Нокиннің баяндамасын тыңдай келіп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

- мемлекеттік уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және елді сумен жабдықтауды жақсарту саласындағы салалық бағдарламаларды іске асыруға бағытталған бюджет қаражатын игеруге жауапкершілігін арттыру;
- жалға берілетін, кредитке берілетін тұрғын үйді қалыптастыру және жеке тұрғын үй салуды дамытуды ынталандыру арқылы халықты қолжетімді және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды іске асыруды жалғастыру;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына, әсіресе, жетім балаларға, мүгедектерге және соғысқа қатысқандарға, сондай-ақ жас отбасыларға тұрғын үй салуды қаржыландыру көлемін жыл сайын 2 – 2,5 есеге арттыру мүмкіндігін қарастыру;
- Ауғанстанда әскери қызметін өткерген әскери қызметшілерге тұрып жатқан тұрғын үйлерін мемлекеттік тұрғын үй қорынан меншігіне өтеусіз алуға құқық беруді көздейтін заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді жеделдету;
- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасын іске асырудың қолда бар тетіктерін, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, түсіндіру жөнінде жер-жерде кең ауқымды жұмыс жүргізу;
- салынатын құрылыс объектілерінің сапасын, қауіпсіздігі мен сенімділігін халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- тұрғын үй қорының техникалық жай-күйін бақылауды ұйымдастыру мақсатында тұрғын үй инспекцияларының қызметін күшейту және жандандыру жөнінде пәрменді шаралар кешенін әзірлеу;

- жергілікті атқарушы органдардың өңірлердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету (жылумен жабдықтау, су бұру, электрмен және газбен жабдықтау) объектілерін тиісінше бақылауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жандандыру;

- сумен жабдықтау және су бұру желілерін реконструкциялау және салу жөніндегі «Ақ бұлақ» бағдарламасын іске асыру тетігін, сондай-ақ, әсіресе, ауылдық жерлерде олардың тиісінше пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету;

- барлық елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау мен олардың құрылысы жобаларын әзірлеу жөніндегі іс-шараларды көздеу және оларды облыстарды аумақтық дамытудың жалпы жоспарына және облыстық сәулет және қала құрылысы басқармаларының стратегиялық жоспарларына енгізу;

- отандық шикізаттан құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын жасайтын, энергия мен ресурсты үнемдейтін инновациялық және алдыңғы қатарлы технологияларды енгізетін кәсіпорындарды ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау.